

Астрахан ауданы білім бөлімінің тәрбие ісі бойынша әдіскерінің 2025-2026 оқу жылының 1 тоқсанында өткізілген іс-шаралар бойынша есебі.

2025 жылдың 29 тамызында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының және тәлімгерлердің қатысуымен Тамыз кеңесінің секциялық отырысы өтті.

Отырыс барасында әріптестеріміз өздерінің тәжірибесі және өткен оқу жылында жүргізілген жұмыстарымен бөлісті. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының аясында жүргізілген жұмыстар, жеткен жетістіктер мен алдағы жылға қойылған мақсаттар, іс-шараларды ұйымдастыру, дайындық, ойындар, шығармашылық сабақтар және спорттық белсенділіктер, тәлімгердің жұмысындағы заманауи технологиялар тақырыптары жан-жақты талқыланды. Тәжірибесімен бөліскен әріптестеріміз сертификаттармен марапатталды.

Секциялық отырыстың қорытындысы жасалған жұмыстарды сараптау ғана емес, сонымен қатар мектептің тәрбие жүйесін одан әрі дамыту бойынша жұмыстарды нақты айқындау болды.

2025 жылдың 1 қыркүйегінде Астрахан ауданының барлық білім беру мекемелерінде Білім күніне орай «Мектеп-мейірім мекені» атты салтанатты жиын өтті.

2025 жылдың 5 қыркүйегінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының қатысуымен қашықтық форматында ДосболLike бағдарламасын іске асыру бойынша алгоритмімен таныстыру бойынша жиналыс өтті.

2025 жылғы 25 қыркүйегінде Астрахан ауданы шығармашылық үйінде "Бала қауіпсіздігі – қоғам келешегі" тақырыбында аудандық ата-аналар жиналысы өтті, оған Астрахан ауданының 30-дан астам ата-ана комитеттерінің төрағалары(төрайымдары) және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қатысты. Келесі мәселелер қарастырылды:

1. «Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды өзектендіру», Барахоева Полина Юнусовна - Астрахан ауданы білім бөлімінің басшысы сөз сөйледі;

2. «Кәмелетке толмағандар арасында нашақорлықтың алдын алу», Султанов Марат Тайырбекович – Астрахан ауданының прокуроры сөз сөйледі;

3. «Кәмелетке толмағандар мен кәмелетке толмағандарға қатысты жасалатын қылмыстарға жол бермеу бойынша жүргізілетін профилактикалық жұмыс туралы», Жапаров Дархан Нурланович, ПБ бастығы сөз сөйледі;

4. «Вакцинамен басқарылатын инфекциялар», Пулиший Елена Леонидовна – Астрахан аудандық ауруханасының педиатрі сөз сөйледі;

Кеңес соңында ата аналарға кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтарды болдырмау, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар берілді және патриоттық рухта тәрбиеленген, білімді әрі жасампаз ұрпақты қалыптастыру бойынша ұсыныстар берілді.

2025 жылдың 1 қазан «Халықаралық қарттар» күніне орай жоспар құрылып, іс-шаралар ұйымдастырылды.

2025 жылы 2 қазан күні Астрахан ауданының Мәдениет үйінде мұғалімдер күніне арналған мерекелік концерт өтті. Мерекелік іс-шараға педагогикалық еңбек ардагерлері және ұлағатты ұстаздарымыз қатысты. Астрахан ауданы әкімі Ерсейітов Талғат Аманбайұлы ұстаздарды кәсіби мерекесімен құттықтап, жаңа оқу жылында сәттілік тіледі.

Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, жақсы қасиеттерді бойына дарытатын ұстазға деген халқымыздың құрметі қашан да ерекше. Жанқиярлық еңбек жасаған педагогикалық еңбек ардагерлеріне Астрахан ауданының әкімі гүл шоқтарын ұсынды.

Кәсіби мереке қарсаңында білім және ғылым саласына өздерінің елеулі үлестерін қосып, жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, әрі өнегелі тәлім-тәрбие беріп жүрген ұлағатты ұстаздарға «Айрықша еңбегі үшін» алғыс хаттар мен мадақтамалар табысталды.

Астрахан ауданының білім саласына келген 16 жас мамандарымызды да ортаға шақырып, Астрахан ауданының еңбек сіңірген педагогы Кульшара Конопьяновна Маишева ақ тілегін білдірді.

Іс-шарамыз концерттік бағдарламамен аяқталды.

2025 жылғы 9 қазан «Ақмола облысы Білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімінің Астрахан ауылының балалар-жасөспірімдер шығармашылығы орталығы» КММ-де **«Қазақстан Республикасының күніне арналған аудандық жас тарихшылар мен өлкетанушылар»** форумының аудандық кезеңі өтті.

Форумның мақсаты ұлттық сана-сезімнің, ұлттық рухтың, патриотизм рухының, тарихи сана мен әлеуметтік есте сақтаудың даму деңгейі жоғары қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерінің жаңа буынын тәрбиелеу болып табылады.

Байқауға Астрахан ауданының 3 білім беру ұйымы қатысып, **«Жетістіктер көрмесі»**, **«Туған өлке-тұнған шежіре»**, **«Туған өлкемнің болашағы»**, **«Туған өлкенің символы»** номинациялары бойынша жұмыстарын таныстырды.

Қазылар алқасының шешімі бойынша жеңімпаздар анықталып, Астрахан ауданы бойынша білім бөлімінің дипломдарымен марапатталды. Әр номинация бойынша I орынға ие болған қатысушылар форумның облыстық кезеңіне жолдама алды.

Байқаудың облыстық кезеңінде жүлдегерлері: 3 орынға ие болған Жалтыр ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебінің оқушысы Назірханқызы Ләйланы және жетекшісі Махметова М.Б. Грамота Жалтыр ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебінің оқушысы Омарбекова Мадина және жетекшісі Серикбаева Ак-Жупар Узақбайқызы, Новый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің оқушысы Конак Дарья және жетекшісі Гузева Екатерина Петровна

2025 жылғы 15 қазан «Қазақстан - достық мекені» аудандық онлайн - байқауының аудандық кезеңі өтті.

Байқауға Астрахан ауданының 18 білім беру ұйымынан 48 оқушы қатысып, «Қазақстан жүрегіміздің төрінде», «Менің арманымдағы Қазақстан» номинациялары бойынша жұмыстар қаралды.

Қазылар алқасының шешімі бойынша келесі жеңімпаздар анықталды: «Қазақстан жүрегіміздің төрінде» номинациясы бойынша 5-7 сыныптар арасында

1 орын - «Жамбыл ауылының ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Құлке Данагүл,
«Новочеркасск ауылының ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Каиржанова Самал
2 орын - «Новочеркасск ауылының ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Андреева Дарья,
«Жаңатұрмыс ауылының ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Ауғанбай Аяулым,

3 орын - «Жалтыр ауылының №2 ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Полещук Кирилл.

«Қазақстан жүрегіміздің төрінде» номинациясы бойынша 8-10 сыныптар арасында

1 орын «Новочеркасск ауылының ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Пинчук Ксения,
«Зеленое ауылының ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Раков Вадим

2 орын - «Новочеркасск ауылының ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Гринкина Дарина,
«Жаңа Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Яковлева Анна

3 орын - «Новочеркасск ауылының ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Шигибаева Ботагоз.

«Менің арманымдағы Қазақстан» - бейнероликтер номинациясы бойынша

1 орын - «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Мұратбек Аяулым

2 орын – «Степное ауылының НОМ» КММ-нің оқушысы Герман Валерия

3 орын - «Таволжанка ауылының НОМ» КММ-нің оқушысы Маркушина Камила
Жеңімпаздар Астрахан ауданы бойынша білім бөлімінің дипломдарымен марапатталып, барлық қатысушыларға сертификаттар табысталды.
1 номинация бойынша 1 және 2 орынға ие болған, 2 номинация бойынша 1 орынға ие болған қатысушылар байқаудың облыстық кезеңіне жолдама алды.

Байқаудың облыстық кезеңінде жүлделі орынға ие болған оқушылар: «ҚАЗАҚСТАН ЖҮРЕГІМІЗДІҢ ТӨРІНДЕ» номинациясы бойынша 2 орын – Новочеркасск мектебінің оқушысы Пинчук Ксения, Зеленое ауылының оқушысы Раков Вадим, Новочеркасск мектебінің оқушысы Андреева Дарья.

«Шығармашылыққа деген ынтасы үшін» номинациясы – Жамбыл ауылының оқушысы Құлке Данагүл.

«МЕНІҢ АРМАНЫМДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН» номинациясы бойынша
III орын – Старый Колутон ауылының оқушысы Мұратбек Аяулым

2025 жылғы 17 қазан «Жасыл әлем!» экологиялық шығармалар онлайн байқауының аудандық кезеңі өтті.

Байқауға Астрахан ауданының 14 білім беру ұйымынан 44 оқушы қатысты. 3 жас топтары бойынша жұмыстар қаралды:

- 1 топ: 5-6 сыныптар;
- 2 топ: 7-8 сыныптар;
- 3 топ: 9 -11 сыныптар.

Мақсаты: қоршаған ортаның құндылығын түсіну, табиғатты сақтау жауапкершілігі, үнемді тұтыну және экология мәселелері туралы хабардар болу.

Қазылар алқасының шешімі бойынша келесі жеңімпаздар анықталды:

1 топ: 5-6 сыныптар арасында:

1 орын - «Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ-нің оқушысы Бахтияр Нүркен

1 орын - «Петровка ауылының ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Бондаренко Кирилл

2 орын - «Өндіріс ауылының ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Мұратжан Еркеназ

2 орын - «Новочеркасск ауылының ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Цуцей Ульяна

3 орын - «Өндіріс ауылының ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Аманбай Ерсін

3 орын - «Жалтыр ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің оқушысы Каратовская Елизавета

1 топ: 7-8 сыныптар арасында:

1 орын - «Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ-нің оқушысы Қадірберді Акерке

1 орын - «Степное ауылының негізгі орта мектебі» КММ-нің оқушысы Бородай Ульяна

2 орын - «Өндіріс ауылының ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Мұратжан Айзере

2 орын - «Первомайка ауылының ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Курносенко София

3 орын - «Новочеркасск ауылының ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Пинчук Ксения

3 орын - «Петровка ауылының ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Қасен Мадина

1 топ: 9-11 сыныптар арасында:

1 орын - «Петровка ауылының ЖОББМ» КММ-нің оқушысы Ильдыбаева Гульназ

1 орын - «Камышенка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің оқушысы Райзвих Кирилл

2 орын – «Жалтыр ауылының №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің оқушысы Дергачёва Вероника

2 орын – «Жаңа Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің оқушысы Әмре Мөлдір

3 орын - «Жаңа Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің оқушысы Филатова София

Жеңімпаздар Астрахан ауданы бойынша білім бөлімінің дипломдарымен марапатталып, барлық қатысушыларға сертификаттар табысталды.

1 орынға ие болған қатысушылар байқаудың облыстық кезеңіне жолдама алды.

Байқаудың облыстық кезеңінде жүлделі 2 орынға Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясының оқушысы Бахтияр Нүркенді және жетекшісі Кошекбаева Гуля Ахметовнаны ие болды.

«Жас Ұрпақ AQMOLA» жобасы аясында 2025 жылғы 23 қазан күні Астрахан ауданының білім бөлімі мен аудан прокуратурасының ұйымдастыруымен Астрахан ауданының 50 баласын өскелең ұрпақты жоғары азаматтық белсенділікке, патриотизмге тәрбиелеуді мақсат еткен «Жас Ұрпақ AQMOLA» жастар қоғамдық бірлестігінің қатарына ресми түрде қабылдау рәсімі өткізілді.

Осы іс-шараның құрметті қонақтары Астрахан ауданының прокуроры Султанов Марат Тайырбекович және мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Аскаров Алмас Аскарович болды.

2025 жылдың 25 қазан Республика күніне орай жоспар құрылып, іс-шаралар ұйымдастырылды.

2025 жылдың 30 қазанында Астрахан ауданы мектеп директорларының тәрбиесі ісі жөніндегі орынбасарларының әдістемелік кеңесі онлайн форматта өтті. Келесі мәселелер қаралды:

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру туралы;
2. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жүргізіп жатқан жұмысы туралы;
3. ДосболLIKE буллингке қарсы бағдарламасын іске асыру туралы.

Әдістемелік кеңес нәтижесінде ауданның барлық мектептері үшін бірыңғай әдістемелік ұсыныстар бекітілді. Негізгі тапсырмалардың қатарында – «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының тәжірибелік құрамын нығайту, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысына үнемі бақылауда ұстау және «ДосболLIKE» бағдарламасының буллингтің алдын алуға арналған тиімді әдістерін кеңінен енгізу болды.

Білім бөлімінің әдіскері
Карасаева Гулнур Ораловна